

Мектеп тақырыбы: Сапалы білім беру арқылы бәсекеге қабілетті, әлеуметтік ортаға бейімделген жеке тұлға қалыптастыру.

Мақсаты: Инновациялық технологиялар арқылы ұстаздардың кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігін арттыру. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту арқылы оқушылардың функционал сауаттылығын арттыру. Алған білім және дағдыларын өмірде қолдау арқылы жетістікке жетуге бағыттау. Оқушылардың білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту, 3,6,8 сыныптарындағы жаңартылған оқу бағдарламасының жоспарлы түрде жүзеге асыру

Міндеттері: Әр істе Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңын негізге алу, Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына 20 кадам» тұжырымдамасында білім саласына қатысты айтылған мәселені қамту, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуды жүзеге асыру;

- Оқушылардың денсаулығына, жан саулығына зиян келтірмейтін білім мен тәрбие беру қызметінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін мектеп мүмкіндігін пайдалану арқылы денсаулықты сақтау білім кеңістігін құру;
- Мектепішілік мониторингті (оқушы мен мұғалім) жетілдіру және мұғалім іс -әрекетінің нәтижесін жүйелі бағалау рейтингісін басшылыққа алу;
- Көптілдік бағытты ұстана отырып, қоғамдық-гуманитарлық бағытын ұстануды бастау.

Жеке тұлғаны бағыттау, тереңдетілген оқытудың, арнаулы курстар тиімділігін жүйелеу;

- Интерактивті құралдар мен АКТ-ны мектеп ұжымының толық игеруіне және тиімді пайдалануына қол жеткізу және мектепішілік жекелей іс-шаралар түрлеріне байқау-сынақ жүргізе отырып, білім мазмұнындағы үдерістерді жаңарту;
- Оқу-тәрбие үдерісін ақпараттандыруды орталықтандыру;
- Мектеп мұғалімдерінің шығармашылық белсенділігі мен әдістемелік шеберліктерін жетілдіру;
- Мұғалімнің өз кәсіптік деңгейін көтеруге ынталандыру (аттестация арқылы);
- Оқу-тәрбие үдерісіндегі психологиялық қызметтің ролін кеңейту, күшейту;
- Балалардың соңғы нәтижеге қол жеткізу мақсатында ата-ана ролін көтеру;
- «Таным» ОҒҚ арқылы оқушылардың ғылыми танымдық қабілеттерін дамыту;
- **Әдістемелік тақырыбы:** Мектептің проблемасын жүзеге асыру мақсатында мұғалімнің шығармашылық жұмысы мен ғылыми еңбегін ендіру.

Әдістемелік жұмыстың мақсаты:

- Жеке тұлғаны дамыту.
- Әлеуметтік және жеке мәдени құндылықтарды қалыптастыру.
- Оқу –тәрбие процесіне жаңашыл әдіс-тәсілдерді енгізу арқылы мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік , шығармашылық ізденімпаздығын арттыру.